

**"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы"  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 52 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 761 қаулысы.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 мамырда № 5831  
болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 6  
ақпандағы № 163 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 06.02.2020 № 163  
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі  
басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына  
және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6  
сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы"  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 52 қаулысына (  
нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5067 нөмірімен  
тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіндегі:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың  
9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;"

көрсетілген қаулымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік білім туралы  
құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіндегі:

1-тармақтың орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылсын, мемлекеттік  
тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіндегі:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р. Рүстемовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысы  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Қ. Ысқақов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК